

Байшымырова Айгерим Утегеновнаның  
«6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша  
философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының  
кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен  
әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

## БЕЙРЕСМИ ШҚІР

Экономиканың жаһандануы, ақпараттық қоғамның қалыптасуы және халықаралық қатынастардың тұрақты әрі қарқынды дамуы Қазақстандық жоғары білікті аудармашы мамандарға деген сұранысты өсіріп отыр. Қазақстан мен шетелдік әріптестер арасындағы әртүрлі салалардағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстарды нығайту мәдениетаралық коммуникация шеңберінде кәсіби шеттілді маман-аудармашылардың делдалдық рөлін атқару қажеттілігін айқындай түсуде. Байшымырова А.У. зерттеу жұмысы бүгінгі күннің өзекті тақырыптарының бірі себебі, диссертациялық жұмыс шеттілдік білім берудің елеулі әлеуетін ғылымы және практикалық деңгейде анықтауға және ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесін қамтамасыз ету мәселесін қарастыруға арналған. Зерттеуші А.У. Байшымырова өз жұмысында болашақ аудармашылардың кәсіби қызметімен айналысуы үшін ақпараттық коммуникациялық ресурстарды игеру маңыздылығын негіздейді. Бұл олардың кәсіби шеберлігін арттырып, аударма саласына жаңа идеялар мен білім енгізуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері логикалық тұрғыда негізделіп, жүйелі түрде айқындалған. Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы, әсіресе, ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолдану арқылы аудармашының кәсіби - негізделген құзыреттілігін қалыптастыруға арналған қолданбалы аспектілерін анықтауда, құрылымдық-функционалдық модельді әзірлеуде және оны тәжірибелік-эксперименттік тексеруден өткізуде көрініс табады. Сонымен қатар, зерттеу барысында Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне терең әрі жан-жақты талдау жасалуы зерттеу жұмысының құндылығын айғақтайды. Әр тарау мен жалпы жұмыс бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар логикалық негізделген және дәлелді. Зерттеу жұмысының тараулары өзара толықтырып, үйлесімді сабақтастықта беріледі, сондай-ақ сатылы байланыс пен жүйелілік қағидатына сәйкес ұсынылған. Диссертациялық жұмыстың мазмұны ішкі бірізділік пен жүйелілік қағидаттарына сай орындалған. Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда кеңінен жарияланған, соның ішінде автордың 17 ақаласы жарық көрген.

Байшымырова Айгерим Утегеновнаның «Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толық лайық деп санаймын.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Phd, аға оқушысы



Аймагамбетова М.М.